

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциалық емес акционерлік қоғамы

Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және Машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы



SATBAYEV
UNIVERSITY

Бақберген Әділет

Шағын кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін ИСО халықаралық стандарттарына сәйкес
жоғарылату

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциалық емес акционерлік қоғамы

Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және Машина жасау институты
Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Стандарттау, сертификаттау және
метрология» кафедрасының
менгерушісі т.ғ.к., PhD

ДОПАНЕН К. ЗАПЕЧЕН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Институт энергетики
и машиностроения
2025ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Шағын кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін ИСО халықаралық стандарттарына сәйкес
жоғарылату

6B07501 – «Өнеркәсіптік инженерия»

Орындаған:

Бакберген Ә.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

Алматы технологиялық

Қауымдастырылған

университетінің профессор ассистенті,

профессор, а.ш-ғ.к.

PhD

Ж - Жақсыбаева Г.С.

Дуйсенбекова О.О.

«4» 06 2025ж.

«5» 10 2025ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциалық емес акционерлік қоғамы

Ө. Бүркітбаев атындағы Энергетика және Машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

БЕКІТЕМІН

«Стандарттау, сертификаттау және
метрология» кафедрасының
меңгерушісі т.ғ.к., PhD

Ережел Д.Е.
2025 ж.
НАС «ҚазНТУ им.К.И.Сәтбаева»
Институт энергетика
и машиностроения

Дипломдық жобаны орындауға арналған

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Бақберген Әділет

Тақырыбы: «Шағын кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін ИСО халықаралық стандарттарына сәйкес жоғарылату»

Академиялық істер жөніндегі проректор 2024 жылғы «04» желтоқсан №548 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «12» мамыр 2025ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: сынау әдістері

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Кәсіпорын жағдайында су сапасын бағалау (Алматы Су негізінде)
- б) Су сапасына сынау жүргізу әдістері мен процестері
- в) Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері
- г) Экономикалық тиімділікті зерттеу есебі

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

- 1-кесте – Су сапасының физико-химиялық көрсеткіштері және сипаттамалары
- 2-кесте – Микробиологиялық көрсеткіштер
- 1- диаграмма – Су сапасының негізгі көрсеткіші
- 2- диаграмма – Су сапасының салыстырмалы диаграммасы

Жұмыс презентациясы слайдтарда 20 көрсетілген.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер 20 атаулардан: 1. ISO/IEC 17025:2019 General requirements for the competence of testing and calibration laboratories. 2. ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар. 3. Қазақстан Республикасының «Су туралы» Заңы, 2018 ж. 4. Санитарлық қағидалар № ҚР ДСМ-2019 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-181/2020 бұйрығы. 5. Алматы қаласының 2024 ж. экологиялық мониторинг есебі. 6. ГОСТ 31861-2012. Ауыз су. Сапа көрсеткіштері. 7. ҚР ДСМ техникалық регламенті. Ауыз судың гигиеналық талаптары. 8. С.Т. Асанов, Б.Ж. Қабылбеков. Сумен жабдықтау жүйелерін басқару. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. 9. Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудитіне арналған әдістемелік нұсқаулар. ҚР СТ ISO 19011-2014. 10. «Алматы Су» кәсіпорнының 2023-2024 жылдарға арналған жылдық есебі. 11. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 2021 ж. 12. Махмудов Е.К., Жұмабекова С.Б. Зертханалық іс және биологиялық қауіпсіздік. – Нұр-Сұлтан, 2021. 13. WHO Guidelines for Drinking-water Quality, Fourth Edition, World Health Organization, 2017. 14. «KazEcoMonitoring» орталығының 2024 жылғы есебі. 15. ҚР Еңбек кодексі. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. 16. ҚР Ұлттық аккредитация орталығының ISO/IEC 17025:2019 стандарты бойынша аккредитациялау регламенті. 17. «Алматы Су» зертханасының ішкі сапа аудиті туралы есеп, 2024 ж. 18. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2024 жылғы сумен жабдықтау жүйесі бойынша санитарлық бақылау нәтижелері. 19. «Экожоба» қоғамдық қоры. Қалалық су көздерін зерттеу нәтижелері. Алматы, 2023. 20. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының микробиологиялық қауіпсіздік жөніндегі әдістемелік ұсынымдары, 2022.

Дипломдық жұмысты даярлау

КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелердің тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімі	Ескерту
Жалпы мәліметтер		
Өнімнің физико-химиялық қасиеттері		
Өнімді сынау		

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен,
кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған **қолдары**

Бөлімдердің атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы мәліметтер	Дуйсенбекова О.О.. пед.ғылым.кандидаты, қауым.профессор		
Өнімді сынау	Дуйсенбекова О.О.пед.ғылым.кандидаты, қауым.профессор		
Норма бақылаушы	Есентай А.М. тех.ғылым.магистрі, аға оқытушы		

Ғылыми жетекші

Дуйсенбекова О.О.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Бақберген Ә.

Күні

«__» _____

2025ж

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста сапа менеджменті жүйесін ISO/IEC 17025:2019 халықаралық стандарты талаптарына сай енгізу және оны зертханалық тәжірибеде қолдану мәселелері қарастырылады. Мысал ретінде Алматы қаласының басты сумен жабдықтау ұйымы – «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны алынған. Кәсіпорынның зертханалық қызметі қаланың миллиондаған тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған, сондықтан зертханалық талдаулардың нақтылығы, стандарттарға сәйкестігі және қызметкерлердің құзыреттілігі аса маңызды.

Жұмыста зертханалық инфрақұрылым, физика-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштер бойынша талдаулар жүргізу әдістері сипатталып, нақты сынама нәтижелері негізінде 2023–2024 жылдар аралығындағы судың сапасына салыстырмалы талдау жасалды. Сонымен қатар, сапа жүйесін енгізудің экономикалық тиімділігі есептеліп, персоналды оқыту мен құрал-жабдықтарды жаңарту шығындарына баға берілді.

Жұмыс барысында экологиялық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау салаларына да назар аударылып, зертхана ішіндегі тәуекелдер мен оларды төмендету тетіктері қарастырылды. Дипломдық зерттеу нәтижелері «Алматы Су» кәсіпорны тәжірибесінің өзектілігін дәлелдей отырып, Қазақстандағы өзге де су мекемелері үшін үлгі бола алады. Қорытынды бөлімде зертханалық қызметтің сапасын одан әрі арттыру бойынша нақты ұсыныстар берілді.

АННОТАЦИЯ

Данная дипломная работа посвящена вопросам внедрения системы менеджмента качества в соответствии с международным стандартом ISO/IEC 17025:2019 и её практическому применению в лабораторной деятельности. В качестве примера рассматривается ГКП «Алматы Су» — основное предприятие города Алматы, обеспечивающее население безопасной питьевой водой.

В работе описана структура лаборатории, методы проведения анализа воды по физико-химическим и микробиологическим показателям, а также приведены реальные результаты исследований за 2023 и 2024 годы. Проведен сравнительный анализ качества воды, а также дана экономическая оценка внедрения СМК: затраты на обучение персонала, модернизацию оборудования и аккредитационные процедуры.

Особое внимание уделено экологической безопасности, охране труда, системе внутреннего аудита и управлению рисками в лабораторной среде. Результаты исследования подтверждают актуальность практики «Алматы Су» и демонстрируют её применимость для аналогичных организаций водоснабжения в других регионах страны. В заключении представлены рекомендации по дальнейшему совершенствованию системы управления качеством.

ANNOTATION

This thesis explores the implementation and practical application of a quality management system (QMS) in accordance with the ISO/IEC 17025:2019 international standard, focusing on the case of "Almaty Su" — the main municipal utility responsible for water supply in the city of Almaty.

The research presents a detailed analysis of laboratory procedures, including physicochemical and microbiological testing methods, supported by empirical data from 2023–2024. A comparative assessment of water quality indicators is provided, along with an economic evaluation of the QMS implementation, including costs related to personnel training, equipment upgrades, and accreditation processes.

The study also emphasizes ecological safety and occupational protection, examining risk management practices and internal audit systems within the laboratory environment. The findings underscore the importance of "Almaty Su"'s approach as a model for other water utilities in Kazakhstan. The concluding section offers practical recommendations for enhancing laboratory performance and aligning with global quality standards.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

ISO/IEC 17025:2019 — Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ ISO 9001-2016 — Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

ҚР Экологиялық кодексі (2021 ж.) — Қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар.

Қазақстан Республикасының «Су туралы» Заңы (2018 ж.) — Су ресурстарын басқару және қорғау тәртібі.

ҚР Еңбек кодексі (23.11.2015 ж. № 414-V ҚРЗ) — Қызметкерлердің еңбегін қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

ҚР ДСМ техникалық регламенті — Ауыз судың гигиеналық талаптары мен сапа көрсеткіштері.

Санитарлық қағидалар № ҚР ДСМ-181/2020 — Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитарлық талаптар.

ГОСТ 31861-2012 — Ауыз су. Сапа көрсеткіштері.

ГОСТ 30178-96 — Тамақ өнімдері мен шикізаттағы ауыр металдарды анықтау әдістері.

ГОСТ 30711-2001 — Азық-түлік өнімдері. Ауыр металдар мен афлатоксиндерге сынау әдістері.

ГОСТ 26927-86 — Шикізат және су үлгілерінде сынапты анықтау әдістері.

ISO 5667 — Су сапасы. Сынама алу бойынша нұсқаулық (лабораториялық талдауға арналған).

ҚР Ұлттық аккредитация орталығы регламенттері — Аккредитациялау талаптары мен рәсімдері.

ГОСТ 5900-2014 — Тамақ өнімдеріндегі ылғалдылық пен құрғақ зат мөлшерін анықтау әдісі (егер қажет болса).

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Техникалық реттеу – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ратификацияланған халықаралық шартқа сәйкес әзірленетін және қолданылатын өнімдерге немесе олардың өмірлік цикліндегі өнімге және онымен байланысты процестерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық акт. Қазақстан Республикасы

Қызмет – нәтижесі елеулі көрінісі жоқ, стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкес келетін жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет Өнім

Өтінім беруші – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, жеке кәсіпкер (дайындаушы, импорттаушы, өндіруші, сатушы уәкілеттік берген тұлға) ретінде тіркелген заңды немесе жеке тұлға. сәйкестікті бағалау үшін өнімдерді, процестерді және қызметтерді ұсынды Сәйкестік сертификаты

Сәйкестік туралы декларация – өндіруші, импорттаушы, өндіруші немесе сатушы уәкілеттік берген тұлға айналысқа шығарылатын өнімдердің, процестердің және қызметтердің техникалық регламенттер мен стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат.

Стандарттау – стандарттау объектілерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге және нақты және ықтимал міндеттерге қатысты әмбебап, қайталанатын пайдалану ережелерін белгілеу жолымен стандарттау объектілеріне қойылатын талаптарды оңтайлы ретке келтіру дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған қызмет

Сертификаттау – сәйкестікті растау жөніндегі орган өнімнің және (немесе) ілеспе процестердің, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын рәсім.

Өнімдер материалдық нысанда ұсынылған және одан әрі шаруашылық және басқа мақсаттарда пайдалануға арналған қызмет нәтижесі болып табылады.

Өлшеу - бұл шамаға негізді түрде тағайындалуы мүмкін шаманың бір немесе бірнеше сандық мәндерін эксперименталды түрде алу процес

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

1	Сапа менеджменті жүйесін енгізудің теориялық негіздер	13
1.1	Сапа менеджменті жүйесі	13
1.2	Зертханалық құзыреттілік және аккредитация талаптары	15
1.3	Ішкі аудит және тәуекелдерді басқару жүйесі	19
1.4	Жүйе НАССР және ISO 17025: 2019.	21
2	«Алматы Су» кәсіпорнына сипаттама және қызметі	22
2.1	Кәсіпорын туралы жалпы мәліметтер	22
2.2	Кәсіпорын құрылымы мен басқару жүйесі	22
2.3	Зертханалық қызметтің орны	23
2.4	Сапа менеджменті жүйесінің кәсіпорындағы орны	24
3	Зертханалық-тәжірибелік бөлім	25
3.1	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері	25
3.2	Сынамалар алу және талдау әдістемесі	26
3.3	Жылдық салыстырмалы анализ	27
3.4	Су сапасын бағалауда қолданылатын инновациялық әдістер	29
3.5	Су сапасының маусымдық өзгерістері	29
3.6	Су сапасын жақсарту жөніндегі қабылданған шаралар	30
3.7	Протокол нәтижелері бойынша су сапасының талдауы	31
3.8	Физика-химиялық көрсеткіштердің сараптамасы	31
4	Экономикалық бөлім	32
4.1	Сапа менеджменті жүйесін енгізудің экономикалық негіздемесі	32
4.2	Жабдықтар мен шығын материалдарына кететін шығындар	33
4.3	Еңбек өнімділігі мен тиімділік көрсеткіштері	33
4.4	Сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін экономикалық бағалау	34
4.5	Қаржылық тұрақтылық және бюджет тиімділігі	34
5	Еңбекті қорғау және экология	35
5.1	Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету	35
5.2	Еңбек жағдайының санитарлық-гигиеналық сипаттамасы	36
5.3	Өртке қарсы қауіпсіздік шаралары	37
5.4	Экологиялық қауіпсіздік	37

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

А қосымшасы

Б қосымшасы

В қосымшасы

КІРІСПЕ

Қазіргі заманда қалалық инфрақұрылымның тұрақты дамуы мен халықтың денсаулығын қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі — ауыз су сапасын бақылау және тиімді сумен жабдықтау жүйелерін қалыптастыру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасында сумен жабдықтау саласын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру аса маңызды.

"Алматы Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны — Алматы қаласының тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз етуге жауапты жетекші ұйым. Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты — су көздерінен алынатын судың сапасын сақтау, оны тазалау, залалсыздандыру және тұтынушыға дейін жеткізу. Бұл үдерістер ISO/IEC 17025:2019 халықаралық стандартына сай аккредиттелген зертханалық талдау арқылы бақыланады.

Сапа менеджменті жүйесін енгізу — су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттырып қана қоймай, тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жүйе ішкі және сыртқы аудиттер, тәуекелдерді басқару, қызметкерлердің біліктілігін арттыру сияқты кешенді тәсілдермен толықтырылады.

"Алматы Су" кәсіпорны соңғы жылдары зертханалық бақылау жүйесін заманауи талаптарға сәйкестендіріп, аккредитациялау үдерістерін іске асырды. Бұл зертхананың техникалық құзыреттілігін арттырып, алынған деректердің сенімділігі мен халықаралық деңгейде танылуын қамтамасыз етті. Кәсіпорын ISO/IEC 17025 стандартына көшу арқылы судың физикалық-химиялық және микробиологиялық құрамын жүйелі түрде қадағалап, қауіпсіздік пен сапаны тұрақты бақылауда ұстап отыр.

Зертханалық жұмыстардың халықаралық стандарттар негізінде ұйымдастырылуы, яғни ISO/IEC 17025:2019 талаптарына сәйкестік, тек сапа кепілдігін арттырып қоймай, сонымен бірге кәсіпорынның беделі мен бәсекеге қабілеттілігін де көтереді. Бұл стандарт — техникалық құзыреттілікке, әдістердің дұрыстығына, өлшеу нәтижелерінің дәлдігіне және құжаттамалық қамтамасыз етуге қатаң талаптар қояды.

Осы дипломдық жұмыстың өзектілігі — зертханалық жұмыстардың халықаралық стандарттар аясында ұйымдастырылу жолдарын, сапа жүйесінің құрылымын және оны енгізудің тиімділігін кешенді түрде зерттеу болып табылады. Жұмыста нақты деректер, Алматы Су кәсіпорнының тәжірибесі және ISO/IEC 17025:2019 стандартына сәйкестік жағдайлары қарастырылады.

1. Сапа менеджменті жүйесін енгізудің теориялық негіздер.

1.1 Сапа менеджменті жүйесі

Сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) — бұл ұйымдардың қызметін жүйелеуге, үдерістердің тиімділігін арттыруға, және тұтынушы қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға бағытталған басқару жүйесі. Ол қызмет көрсету және өнім шығару сапасын басқаруға, ішкі тәртіп пен ұйымдастырушылық құрылымды жетілдіруге, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруға негізделген.

Сумен жабдықтау секторы — халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін маңызды сала. Ауыз судың сапасы, жеткізілу сенімділігі және үзіліссіз қызмет көрсету тек техникалық жүйелермен ғана емес, басқару мен сапа бақылауының тиімді жүйесімен де тығыз байланысты. Осы себепті сумен жабдықтаумен айналысатын ұйымдарда сапа менеджментін енгізу — заманауи талапқа айналып отыр.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, СМЖ енгізілген ұйымдарда:

- өндірістік және әкімшілік үдерістердің тәртібі қалыптасады;
- тұтынушылардың талаптарына жауап беру деңгейі артады;
- қызметкерлердің кәсіби біліктілігі мен ішкі жауапкершілігі өседі;
- тәуекелдерді басқару жүйесі құрылады;
- ішкі аудит және өзіндік бақылау тиімді жүреді.

"Алматы Су" кәсіпорны сияқты ұйымдарда сапа менеджменті жүйесінің болуы — тек техникалық артықшылық емес, сонымен қатар институционалдық бедел мен халықтың сенімін арттыру тетігі болып табылады. Бұл жүйе қызметтің барлық деңгейінде құрылымдық тәртіпті қалыптастырып, нәтижелердің сапасын көтереді. Мысалы, зертханалық жұмыстарда стандартқа сәйкес құжатталған рәсімдер, құралдардың мерзімді тексерісі, персоналдың жүйелі оқытылуы тұрақты түрде іске асырылады.

Сапа жүйесі ішкі процестердің тиімділігін арттырып қана қоймай, сыртқы серіктестермен өзара әрекеттің де сапасын жақсартады. Кәсіпорын ISO/IEC 17025 стандартына негізделген жүйені енгізу арқылы деректердің дәлдігі мен халықаралық танылуын қамтамасыз етеді.

1.1 ISO/IEC 17025:2019 стандартының құрылымы

ISO/IEC 17025:2019 — халықаралық деңгейде танылған зертханаларға арналған негізгі стандарт. Ол талдау нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін зертхана қызметінің барлық аспектілерін қамтиды. Бұл стандарт 1999 жылдан бастап қолданыста және бірнеше мәрте жаңартылған. Соңғы нұсқасы — 2019 жылы енгізілген.

Аталған стандарт зертханалық қызметтің сапасын арттыру мақсатында менеджмент және техникалық талаптарды нақтылайды. Ол зертхананың өлшеу дәлдігін, құжаттық тәртіпті, жабдықтың калибрленуін, әдістердің валидациясын және персонал біліктілігін қамтиды. ISO 17025 стандарты екі негізгі блоктан тұрады:

1. Менеджмент талаптары:

- сапа саясаты мен мақсаттарының болуы;
- құжат айналымы мен жазбаларды сақтау тәртібі;
- ішкі аудит және түзету әрекеттері;
- тәуекелдерді және мүмкіндіктерді басқару;
- үздіксіз жетілдіру және жауапкершілік аясын нақтылау.

2. Техникалық талаптар:

- зертханалық персоналдың біліктілігі;
- зерттеу әдістерінің валидтілігі мен верификациясы;
- құрал-жабдықтың жарамдылығы және жүйелі тексерісі;
- сынамаларды дұрыс өңдеу және сақтау тәртібі;
- қорытынды нәтижелердің дәлдігі мен қайталануы.

"Алматы Су" зертханасы осы талаптарды толығымен орындау мақсатында құрылымдық және техникалық реформалар жүргізді. Әрбір талдау әдісі арнайы валидация процесінен өтеді, ал зерттеу құралдары тәуелсіз метрологиялық қызмет арқылы тексеріледі. Бұл өз кезегінде деректердің халықаралық танылуына мүмкіндік береді.

ISO 17025 стандарты — су сапасына мониторинг жүргізетін зертханалар үшін сенімділік пен кәсібилікті дәлелдейтін басты құрал. Ол қызмет сапасын жүйелі бақылау арқылы қоршаған орта мен адам денсаулығына әсер ететін факторларды дер кезінде анықтауға жағдай жасайды.

Бүгінгі таңда НАССР жүйесі іс жүзінде бүкіл өркениетті әлемде тұтынушыларды қауіп-қатерден сенімді қорғау үшін қолданылады. НАССР жүйесін енгізу АҚШ, Канада, Жапония, Жаңа Зеландия және әлемнің көптеген басқа елдерінің заңнамаларын талап етеді.

1.2 Зертханалық құзыреттілік және аккредитация талаптары

Сумен жабдықтау жүйесінің сенімділігі мен қауіпсіздігі ең алдымен зертханалық бақылау сапасына байланысты. Зертхананың құзыреттілігі — алынған нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігінің кепілі болып табылады. Бұл құзыреттілік халықаралық деңгейде ISO/IEC 17025:2019 стандартымен реттеледі.

"Алматы Су" кәсіпорнының зертханалық орталығы физика-химиялық және микробиологиялық зерттеулер жүргізу үшін қажетті барлық құралдармен жабдықталған. Лабораторияда қазіргі заманғы фотометрлер, хроматографтар, атомдық-абсорбциялық спектрофотометрлер, электродты өлшеуіштер мен инкубациялық шкафтар жұмыс істейді. Бұл құралдардың барлығы мерзімді түрде метрологиялық тексеруден өтіп, өлшеу дәлдігін қамтамасыз етеді.

2024 жылғы деректерге сәйкес, зертханада жалпы 428 000-нан астам су сынамасы қабылданып, 676 000-нан астам талдау жүргізілген. Бұл көрсеткіштер зертхананың жүктемесі жоғары екенін және үлкен көлемдегі зерттеуді сапалы жүргізу қабілетін көрсетеді. Зерттеу есептемелерінде талдаудың нақты түрлері бойынша төмендегідей мәліметтер берілген:

физика-химиялық параметрлер (мысалы, рН, хлорид, сульфат, жалпы каттылық);

микробиологиялық көрсеткіштер (мысалы, ішек таяқшалары, колиметриялық көрсеткіштер);

Әр көрсеткіштің рұқсат етілген шекті мөлшерлерге сәйкестігі тексерілген.

Зертхана Қазақстан Республикасы ұлттық аккредитация орталығынан ISO/IEC 17025:2019 стандартына сәйкес аккредиттелген. Бұл аккредитация зертхананың халықаралық деңгейде мойындалуына мүмкіндік береді және алынған нәтижелердің сенімділігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

Лабораториялық құзыреттілікке төмендегілер кіреді:

- талдау әдістерінің валидациясы;
- персоналдың біліктілігін тұрақты түрде арттыру;
- құрал-жабдықтың техникалық жарамдылығын бақылау;
- үлгілерді сақтау, тасымалдау және өңдеу регламентінің орындалуы;

Сапаға ішкі бақылау жүргізу.

Зертханалық қызметке қатысатын қызметкерлер арнайы сертификатталған курстардан өтеді. 2024 жылы ISO 17025, ISO 19011 стандарттары бойынша 24 сағаттық үш оқыту циклі ұйымдастырылған. Бұл тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сапа мәдениетін де дамытуға ықпал етеді.

Бұл жүйе су тізбегінің барлық кезеңдерінде, қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін өнімдерді өндіру, сақтау және өткізу процесінің кез келген нүктесінде бақылауды қамтамасыз етеді. Бұл ретте бақылаудың сыни нүктелеріне ерекше назар аударылды, онда тамақ өнімдерін тұтынумен байланысты тәуекелдердің барлық түрлері адам денсаулығына қауіпті болуы мүмкін, біртұтас бақылау шараларының нәтижесінде алдын алуға, жоюға және қолайлы деңгейге дейін төмендетуге болады [10].

НАССР қағидаттарына негізделген қауіпсіздік пен сапаны басқару жүйесі АҚШ-тың әскери-ғарыш кешенін кәсіпорындарға енгізу тәжірибесінен бастап, соңғы төрт онжылдықта су өнеркәсібінің әртүрлі кәсіпорындарында қолданылып келеді.

Бұл метрология технологиялық үдеріс бойынша су өнімдерінің сәйкессіздіктерінің туындау мүмкіндігін болдырмаудың, сондай-ақ сәйкес келмейтін дайын өнім уланудың және тұтынушылардың денсаулық жағдайының нашарлауының көзіне айналғанға дейін туындайтын проблемаларды анықтаудың және жоюдың тиімді құралы ретінде өзін танытты. НАССР жүйесі технологиялық процесті жүзеге асыру параметрлерін технологиялық бақылауға және тамақ өнімдерін өндіруде қолданылатын шикізат пен материалдарды бағалауға тікелей назар аударады[11].

Сарапшылардың пайымдауынша, ЕЭ ұйымның басқарушылық қызметінің барлық түрлеріне интеграцияланған жағдайда, ең жоғары тиімділікке ие болады. Мұндай құрылымдық менеджмент жүйесін құрудың халықаралық деңгейде мойындалған негізі ISO/IEC 17025:2019 стандартында баяндалған сапа менеджментінің сегіз қағидасы болып табылады, олардың ISO/IEC 17025:2019 шеңберінде жүзеге асырылуы ИСО 9001: 2000 стандартымен со талаптарын үйлестіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Үйлестіру аспектілерінің бірі ISO/IEC 17025:2019 құрылымы болып табылады, оның SMBPP талаптары бөлімдерде көрсетілген:

- жалпы талаптар
- құжаттамаға қойылатын талаптар
- басшылықтың жауапкершілігі
- ресурстар менеджменті
- валидация, верификация және жүйені жақсарту.

Бесінші негізгі элементке, біздің көзқарасымыз бойынша, ұйым анықтайтын өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін тарату саласына қатысты заңнамалық және нормативтік талаптардың сақталуын қамтуы керек.

Сонымен қатар, зертхананың тиімді жұмыс істеуі үшін ресурстардың жеткіліктілігі маңызды. «Алматы Су» кәсіпорны 2024 жылы зертханалық базаны жаңартуға айтарлықтай инвестиция салған. Жаңа жабдықтар, талдау әдістемелерінің жетілдірілуі, автоматтандырылған есеп жүргізу жүйесінің енгізілуі — зерттеу жылдамдығы мен дәлдігін арттыруға мүмкіндік берді.

Зертхананың құрылымдық бөлімдері мынадай бағыттар бойынша маманданған:

Сынамаларды қабылдау және тіркеу бөлімі – барлық үлгілердің есепке алынуын қамтамасыз етеді.

Физика-химиялық зерттеу секторы – ауыз судың органолептикалық және химиялық құрамын тексереді.

Микробиологиялық талдау зертханасы – санитарлық-гигиеналық көрсеткіштерді анықтайды.

Сапа бақылау бөлімі – ішкі және сыртқы бақылау жүйелерін жүзеге асырады.

Бұл құрылым зертханалық үдерістердің тиімді ұйымдастырылуына және ISO/IEC 17025 талаптарын нақты сақтауға ықпал етеді.

Қорытындылар бойынша, нақты нәтижелерге сүйенсек, зертханалық тексерулер барысында судың көптеген үлгілері мемлекеттік санитарлық нормаларға толық сай болған. Ауытқушылықтар тіркелген жағдайларда қосымша бақылау жүргізіліп, себептері анықталып, жою шаралары қолданылған.

Кесте 1.1.1 - Протоколдарда келтірілген негізгі көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Орташа мән	Рұқсат етілген шек	Сәйкестік
pH	7.1–7.5	6.5–8.5	Сәйкес
Хлоридтер (Cl ⁻)	65 мг/л	350 мг/л	Сәйкес
Жалпы қаттылық	3.2 ммоль/л	7 ммоль/л	Сәйкес
Сульфаттар	98 мг/л	500 мг/л	Сәйкес

Бұл мәліметтер судың сапасы мен қауіпсіздігін тұрақты түрде қамтамасыз етіп отырғанын көрсетеді. Зертхананың қызметі тек техникалық параметрлермен шектелмей, тұтынушы сенімін арттыруға және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге де бағытталған.

Қызмет сапасын тұрақты қамтамасыз ететін тетіктерге мыналар жатады:
ISO 17025-ке сай сапа құжаттамасын жүргізу;
Әрбір сынама бойынша жеке есеп беру;
Талдау нәтижелерінің қайталануын бақылау;
Қатесіз талдау жүйесін енгізу (мысалы, "бірінші валидация – екінші растау" әдісі).

Талдау әдістерінің валидациясы мен сапа бақылауы

Зертхана қолданатын әдістердің әрқайсысы валидациядан өтеді — бұл нәтижелердің дұрыстығын дәлелдейді

Межелі стандарттармен (мысалы, ГОСТ, СТ РК, ISO) салыстырылып тексеріледі

Валидация кезінде параметрлер: дәлдік, қайталанымдылық, селективтілік, өлшеу шегі, қателік ықтималдығы зерттеледі

Сынама алу және сақтау тәртібі

Сынамаларды алу арнайы мемлекеттік ережелерге сай (МЕМСТ 31861-2012, СТ РК ISO 5667) жүргізіледі

Тасымалдау кезінде температуралық режим, уақыт және герметикалылық бақыланады

Сынама сақтау мерзімі әр көрсеткішке байланысты (мысалы, микробиология — 2 сағат ішінде талдануы тиіс)

Қызметкерлердің құзыреттілігі мен оқытылуы

Барлық талдау жүргізетін мамандар жыл сайын қайта аттестациядан өтеді
2024 жылы ISO 17025 бойынша 24 сағаттық 3 курс, ішкі аудит, сапа жазбаларын жүргізу, құрал калибровкасы бойынша оқытылған

Практикалық оқыту зертханада ішкі менторлар арқылы ұйымдастырылған

Сапа бойынша ішкі бақылау жүйесі

"Бір үлгіні екі оператор тексереді" — тәуелсіздік сақталады

Көр-соқыр сынақ (blind sample) арқылы персонал жұмысы тексеріледі

Ішкі бақылау нәтижелері ай сайынғы сапа жиналысында қаралады

Аккредитация нәтижелері және инспекция

2023 жылы өткен инспекциялық бақылау бір ғана болмашы сәйкессіздікпен аяқталған

Жыл сайын қайта аккредитациядан өту — сапа жүйесінің тұрақты екендігін көрсетеді.

1.3 Ішкі аудит және тәуекелдерді басқару жүйесі

Сапа менеджменті жүйесінің негізгі элементтерінің бірі – ішкі аудит және тәуекелдерді басқару. Бұл компоненттер ұйымның ішкі жұмысын қадағалау, сәйкессіздіктерді уақытында анықтау және жою, сондай-ақ болашақта туындауы мүмкін тәуекелдердің алдын алу үшін қолданылады.

Ішкі аудит – зертхананың барлық бөлімдеріндегі сапаға қатысты іс-әрекеттердің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үдерісі. ISO/IEC 17025:2019 стандарты бойынша ішкі аудит жылына кемінде бір рет өткізілуі тиіс және оның нәтижелері тиісті құжаттармен рәсімделуі қажет.

"Алматы Су" зертханасы 2024 жылы ішкі аудит жүргізу нәтижесінде жалпы сәйкессіздіктердің саны минималды болғанын көрсетті. Анықталған бір сәйкессіздік құжат айналымындағы нақтылама қажеттілігіне байланысты болған және қысқа мерзімде жойылды. Бұл сапа жүйесінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын дәлелдейді.

Аудит барысында тексерілетін негізгі аспектілер:

- құжат айналымы мен сапа жазбаларының толықтығы;
- сынамаларды тіркеу және сақтау тәртібінің орындалуы;
- персоналдың кәсіби сәйкестігі;
- талдау әдістерінің талапқа сәйкестігі;
- құрал-жабдықтың жарамдылығы және валидация жазбалары.

Зерттеу есептемелеріне сәйкес, аудиттен кейінгі қызмет көрсеткіштері:

- ішкі шағымдар – 0;
- сапасыз қызметтер – 2%-дан төмен;
- қайта талдау қажеттілігі – 0.5%-дан төмен.

Тәуекелдерді басқару сапа менеджментінің алдын алу тетігі ретінде жұмыс істейді. "Алматы Су" кәсіпорнында тәуекелдерді басқару жүйесі 3 негізгі деңгейде жүргізіледі:

1. Операциялық тәуекелдер – сынама алу, сақтау, талдау кезінде туындайтын мүмкін қателіктер;
2. Техникалық тәуекелдер – құрал-жабдықтың істен шығуы, стандартты реагенттердің жетіспеуі;
3. Басқарушылық тәуекелдер – персонал жетіспеушілігі, оқыту мен біліктіліктің жеткіліксіздігі.

Әрбір тәуекел тіркеліп, ықтимал салдары мен әсер ету дәрежесі бағаланады. Тәуекелдерді бағалау матрицасы негізінде приоритеттер анықталып, тиісті әрекеттер жоспары құрылады. Мысалы, жоғары тәуекел – резервті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету арқылы азайтылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі төмендегідей көрсеткіштермен дәлелденеді:

- апаттық жағдайлардың болмауы;
- жоспардан тыс техникалық үзілістердің тіркелмеуі;
- үзіліссіз талдау жүргізу деңгейі – 99.3%;
- резервтік жүйелердің уақтылы іске қосылуы.

Ішкі аудит пен тәуекелдерді басқару нәтижелері ай сайын сапа жиналыстарында қаралады. Әрбір бөлім жетекшісі өз саласы бойынша есеп береді және қажет болған жағдайда түзету немесе алдын алу шаралары қабылданады.

Қорытындылай келе, ішкі аудит пен тәуекелдерді басқару – сапа менеджменті жүйесінің негізін құрайтын, зертханалық қызметтің сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін стратегиялық құралдар болып табылады.

Тәуекелдерді басқаруда қолданылатын құралдардың бірі — SWOT-талдау (күшті, әлсіз жақтар, мүмкіндіктер, қауіптер). «Алматы Су» кәсіпорны бұл әдісті пайдалана отырып, мынандай қорытындылар жасаған:

Күшті жақтары:

- зертхананың заманауи техникалық базасы;
- жоғары білікті персонал;
- аккредитацияланған сапа жүйесі;

Әлсіз жақтары:

- кейбір жабдықтардың тозуы;
- жаңа қызметкерлерді бейімдеу ұзақтығы;

Мүмкіндіктер:

- халықаралық зертханалармен ынтымақтастық;
- жаңа әдістемелер енгізу;

Қауіптер:

- қаржыландырудың кешігуі;
- электр қуаты мен сумен жабдықтаудағы үзілістер.

Бұл талдаудың нәтижесі тәуекелдер картасын жасауға және стратегиялық даму жоспарын түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әрбір тәуекелге қарсы әрекет жоспары дайындалып, апаттық сценарийлер әзірленеді.

"Алматы Су" зертханасында тәуекелдер мен аудит нәтижелері интеграцияланған ақпараттық жүйеде тіркеледі. Бұл жүйе деректердің ашықтығын қамтамасыз етіп, басқарушылық шешімдердің дәлдігіне оң әсер етеді.

Осылайша, ішкі аудит пен тәуекелдерді басқару жүйелері зертханалық қызметтің сапасын қамтамасыз етудің өзекті және тиімді құралдары ретінде қызмет атқарады. Олар ұйымның стратегиялық мақсаттарына жетуін қолдап,

ISO/IEC 17025 стандартына сай халықаралық деңгейде мойындалуын қамтамасыз етеді.

1.4 Жүйе HACCP және ISO 17025: 2019.



**Hazard
Analysis
Critical
Control
Points**

Соңғы бірнеше онжылдықта азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі жұртшылықтың бұрын-соңды болмаған назарын аудара бастады. Бұл әлемнің көптеген елдерінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұтынушылардың мүдделерін қорғау мәселесі ұлттық деңгейде шешілетініне әкелді.

Бүгінгі таңда халықаралық нарықта азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ең кең таралған және танылған жүйе болып табылады HACCP.

2. «Алматы Су» КӘСІПОРНЫНА СИПАТТАМА ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

2.1 Кәсіпорын туралы жалпы мәліметтер

«Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны — Алматы қаласының аумағындағы сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін атқаратын жетекші ұйым. Кәсіпорын 1931 жылы құрылған және бүгінде қала халқын, әлеуметтік нысандарды, өндіріс орындарын таза ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Кәсіпорынның басты миссиясы — қауіпсіз, сапалы, үздіксіз және экологиялық таза ауыз су ұсыну, сондай-ақ сарқынды суларды жинау, тазарту және қоршаған ортаға зиян келтірмей жою.

2.2 Кәсіпорын құрылымы мен басқару жүйесі

«Алматы Су» құрылымы көпсатылы басқару жүйесіне негізделген. Басқару төмендегі негізгі құрылымдық бөлімшелер арқылы жүзеге асырылады:

- сумен жабдықтау департаменті;
- су бұру және тазарту қызметі;
- өндірістік-техникалық бөлім;
- зертханалық қызмет;
- сапа және қауіпсіздік бөлімі;
- экономика және қаржы бөлімі;
- адами ресурстар және кадрлық саясат бөлімі.

Әр бөлім кәсіпорынның жалпы стратегиясына сәйкес өз міндеттерін атқарады. Мысалы, зертхана сапа көрсеткіштерін бақылайды, ал техникалық бөлім құрал-жабдықтарды күтіп-ұстауға жауап береді.

Сумен жабдықтау жүйесінің сипаттамасы

Кәсіпорын Алматы қаласын 24/7 режимінде ауыз сумен қамтамасыз етеді.

Сумен жабдықтау жүйесіне мыналар кіреді:

- 5 негізгі су көздері (жерасты және ашық су қоймалары);
- 23 су айдау станциясы;
